

**«№ 5 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ бойынша қамқоршылық кеңестің
отырысының №4 хаттамасы**

Күні: 30.11.2021ж

Қатысқандар: 112 қызметкер

Күн тәртібі:

1. «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мемлекеттік мерекесінің, «16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» Ұлттық мерекесінің және «Жаңа жыл» мейрамының құрметіне сыйақы тағайындау туралы

Тыңдалды:

«№5 ЖББОМ» КММ директоры А.А. Тулегенов сөз алды.

Қазақстан Республикасының 2001жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 29 –бабына,Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001жылғы 29 тамыздағы «Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы органдарының қызметкерлеріне сыйлық беру,материалдық көмек көрсеті және лауазымдық жалақыларына үстемақылар белгілеу ережесін бекіту туралы» № 1127 Қаулысының 3 тармағының 6 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсанындағы «Азаматтық қызметшілерге,мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне,қазыналық кәсіпорындарының қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» №1193 Қаулысының 5,6 тармақтарына,Ақтөбе облысы әкімінің 2021жылғы 24 қарашадағы «Сыйақы беру туралы» № 346 өкіміне және «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ-нің 2021жылғы 30 қарашадағы «Сыйақы беру туралы» 324 бұйрығы, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 2021жылғы 30 қарашадағы №397 бұйрығы негізінде «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мемлекеттік мерекесінің, «16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» Ұлттық мерекесінің және «Жаңа жыл» мейрамының құрметіне:

1.1.Ақтөбе облысының білім басқармасы бюджет әкімшісі болып табылатын облыстық білім беру ұйымдарының басшыларына ұстауға көзделген қаржыны үнемдеу есебінен және ұйымның жеке табысы есебінен сыйақы берілсін;

1.2.Облыстық білім беру ұйымдарының басшылары ұйымдарындағы қызметкерлерге ұйымды ұстауға көзделген қаржыны үнемдеу есебінен және ұйымның жеке табысы есебінен сыйақы беруге рұқсат беру туралы мектеп ұжымы бұйрықпен таныстырылды.

Келесі кезекте қамқоршылық кеңесінің төрайымы С.Құрманалина сөз сөйледі. С.Құрманалина мектеп әкімшілігін, мұғалімдерін, қызметкерлерін аталған мерекелермен құттықтап, дендеріне саулық, жұмыстарында шығармашылық табыстар тілеп мектеп ұжымына сыйақы беруіне ұсыныс айтты.

Шешімі:

Осы бұйрықтың негізінде «1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні» мемлекеттік мерекесінің, «16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» Ұлттық мерекесінің және «Жаңа жыл» мейрамының құрметіне төмендегі тізім бойынша қызметкерлерге сыйақы берілсін (Тізім қосымша жалғанды).

«№5 ЖББОМ» КММ директоры

А.А.Тулегенов

Қамқоршылық кеңесінің төрайым

С.Құрманалина

Хатшы

Б.А.Базарбаева